

МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДЫ МЕДИЦИНАДА ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Медициналық бұйымның атауы

БЕЛАТИРС ЧЕРНИКА, көзге тамызатын дәрі, 10 мл

Бұйымның құрамы мен сипаттамасы

БЕЛАТИРС ЧЕРНИКА көзге тамызатын дәрінің құрамында: 0,5% карамидектің сұйық экстрактісі, 0,15% гиалурон қышқылы (натрий гиалуронаты), ПГМБ, натрий хлориді, диатрий эдетаты, натрий тетробораты, бор қышқылы, ионсыздалған су.

БЕЛАТИРС ЧЕРНИКА, көзге тамызатын дәрі, 10 мл стерильді, офтальмологиялық, биоүйлесімді, консервацияланған, изотониялық, буферлік ерітінді болып табылады. Майлайтын, ылғалдандыратын, тыныштандыратын және қорғайтын әсер етеді. Жанаспалы линзалардың барлық түрлерімен үйлесімді.

Құрамында жоқ: Бензалконий хлориді, Хлоргексидин, Парабендер, Феноксизетанол, Тимеросал және жануар тектес компоненттер.

Қолданылу саласы

Офтальмология

Медициналық бұйымның тағайындалуы:

- сезімтал, құрғақ, сусызданған және шараған көзді майлау, ылғалдандыру, тыныштандыру және қорғау үшін;
- тотығу стрессінде және көздің беткейінде бос радикалдардың жиналуында көзді қорғау және көз жасы үлбірін тұрақтандыру үшін;
- қышынуды, күйдіріп-ашуды және бөтен денені сезінуді жеңілдету үшін;
- көз жасы үлбірінің жаракетсіз/патологиялық емес өзгерістері кезінде
- қоршаған ортаның әсерінен болатын көру стрессі кезінде (күн сәулесінің, желдің, шаңның, кондиционерлердің, құрғақ және ластанған ауаның және т.б.);
- көру стрессі кезінде (компьютермен ұзақ уақыт жұмыс, жарықтандырудың қолайсыз жағдайлары, түнде жүру және т.б.);
- жанаспалы линзаларды ұзақ уақыт пайдаланған кезде.

БЕЛАТИРС ЧЕРНИКА, көзге тамызатын дәрі, 10 мл гомеопатиялық емдеумен бір уақытта қолданылуы мүмкін. Жанаспалы линзаларды таққан кезде пайдалану үшін де жарамды.

Қолдану тәсілі: қажет болса немесе дәрігердің ұсынысы бойынша күніне бір немесе бірнеше рет көзге 1-2 тамшыдан.

Жанаспалы линзаларды пайдаланушыларға: тікелей линзаларға 2-3 тамшыдан тамызу ұсынылады, сонымен қатар оларды линзаларды пайдаланғанға дейін немесе кейін қолдануға болады. Қажет болса тамшыны линзаға тамызуға болады.

Медициналық бұйымды пайдаланған кездегі сақтандыру (қауіпсіздік) шаралары және шектеулер туралы ақпарат

САҚАТТАНДЫРУЛАР:

- көздің тітіркенуі жағдайында көзге тамызатын дәріні қолдануды тоқтатып, дәрігермен кеңесу керек;
- бұйымның кез-келген компоненттеріне аллергия немесе аса жоғары сезімталдық кезінде қолданбаған жөн;
- тамызатын дәріні жұтпаған жөн;
- құты зақымданған кезде көзге тамызатын дәріні пайдаланбаңыз;
- құтының ұштығын көзге немесе қоршаған тіндерге тигізбеу керек;

- көзге тамызатын дәріні әр қолданғаннан кейін құтыны тығыз жабыңыз;
- ашқанға дейін стерильді;
- басқа жергілікті офтальмологиялық дәрілермен біріктірілімде қолданған кезде оларды пайдалану арасында кемінде 5 минут аралықты сақтау ұсынылады. Жанаспалы линзаларды таққан кезде, күніне бірнеше рет немесе қажет болған жағдайда қолдануға жарамды.

Стерильді. Асептикалық өңдеу әдісін қолданумен стерилизацияланған.

Сақтау шарттары: +5-тен +35°C-ге дейінгі температурада жылу көздерінен аулақта сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Сақтау мерзімі: 3 жыл

Құтыны алғаш ашқан сәттен бастап 90 күн ішінде пайдалану керек.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Өндіруші:

BELINDA LABORATORIES LLP,
Unit 18, 53 Norman Road, Greenwich Centre Business Park,
SE10 9QF, Лондон, Ұлыбритания
Тел.: +44-203-598-2050
Эл. пошта: info@belinda.uk.com

Өндірістік алаң:

OMISAN FARMACEUTICS S.R.L.U.,
Via Galileo Galilei SNC, 00012 Гуидония-Монтчельо (Рим),
Италия
Тел.: + 390774378806
Эл. пошта: omisan@omisan.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын/ медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

«СЕРПЕУС Medical» (ЦЕФЕЙ Медикал) ЖШС:
050045, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 7-үй, «Нұрлы Тау» ТҚ,
блок 5А, 247 кеңсе,
тел.: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы),
эл. пошта: drugsafety@evoleto.co.uk

Символы	Символ белгісі / түсіндіру мәтіні
	Өндірістік алаң
	Партия коды ...дейін пайдалану керек
	Сақтау шарттары (температуралық шектеулер)
	Асептикалық өңдеу әдісін қолданумен стерилизацияланған
	Қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралғаны туралы деректер: